

ХБК Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы сәулет факультетінің "Сәулет" білім беру бағдарламасы бойынша "ҚазБСҚА-ның 40 жылдығы" және "Қазақстандағы сәулет білімінің 60 жылдығы" мерейтойлары аясында өтетін республикалық олимпиаданы өткізу форматы

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының (ХБК) сәулет факультетінің мектеп оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін және оны өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиада 11 сынып оқушыларына арналған зияткерлік және шығармашылық байқау болып табылады.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары:

- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- теориялық білім мен практикалық дағдыларды тереңдету.;
- тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ету;
- «Сәулет» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға әлеуеті бар талантты талапкерлерді анықтау.

3. Қатысуға қойылатын талаптар:

Олимпиадаға қорытынды сынып оқушылары (11 сынып) қатыса алады.

3.1 Тіркелуді ұмытпаңыз:

- Инстаграмдағы @kazgasa_fa профиль тақырыбындағы сілтеме бойынша өтіңіз
- Whatsapp чатына қосылыңыз, тіркелу үшін сілтеме бойынша өтіңіз.

Қатысуға қойылатын талаптар:

4. Олимпиада тақырыбы:

"Қазақстан сәулеті: Ұлы Дала мұрасы және болашаққа көзқарас»

Олимпиада қатысушыларына арналған тапсырмалар

Бірінші тапсырма қарапайым, бірақ қызықты. А3 ватман парағында М 1:100 масштабында Қазақстан сәулет тарихы ескерткіштерінің жоспарлары мен қасбеттерін сызу қажет. Мұнда масштабты түсіну, негізгі өлшемдер мен пропорцияларды сезіну қажет.

Материалдар мен құралдар: А3 форматындағы қағаз, қарындаштар, сызғыштар, бұрыштықтар: (30° - 60° - 90°), (45° - 45°-90°), өшіргіш, циркуль, транспортир.

Орындау техникасы - сызықтық графика.

Екінші тапсырма қатысушылардың шығармашылық ойлау қабілетін анықтауға бағытталған. А3 қағаз парағында инновациялық технологияларды, конструкцияларды, материалдарды енгізуге назар аудара отырып, алыс болашақтың сәулеті туралы өз идеяларыңызды басшылыққа ала отырып, "Болашақтың зәулім ғимараты" тақырыбына сәулеттік қиял жасау керек.

Материалдар мен құралдар: А3 форматындағы қағаз, қарындаштар, сызғыштар, бұрыштықтар: (30° - 60° - 90°), (45° - 45°-90°), өшіргіш, циркуль, транспортир, түрлі-түсті қарындаштар, фломастерлер, маркерлер, ақ және түсті қағаз.

Орындау техникасы - аралас.

Жауапты эдвайзерлер қатысушылар үшін (онлайн форматта) бірқатар дайындық семинар-тренингтерін өткізеді.

5. Өткізу тәртібі

- Олимпиада онлайн форматта өткізіледі
- Қатысуға өтінімдер 26.02.2021 ж. дейін қабылданады.
- Олимпиаданы өткізу күні: 27.02.2021 ж.
- Тапсырманы орындау регламенті-4 сағат.
- Тіркеу: 8:30 – 09:00 сағ.
- Басталуы: 10.00 сағ.

6. Қазылар алқасының құрамына Қазақстан Республикасының сәулет саласындағы белгілі қайраткерлер кіреді:

1. Глаудинов Б. А. - сәулет докторы, ХБК құрметті профессоры, ҚР ҰИА корреспондент-мүшесі, Шығыс елдері халықаралық Сәулет академиясының толық мүшесі, ҚР құрметті сәулетшісі, еңбек сіңірген қайраткері;

2. Татығұлов А. А. - ҚР Сәулетшілер одағының президенті, KAZGOR Жобалау академиясының президенті, ҚР құрметті сәулетшісі, ҚР ҰИА корреспондент-мүшесі;

3. Нарынов С. Ж. – "Көпқырлы" шеберханасының жетекшісі, суретші, мүсінші, ҚР Еңбек сіңірген сәулетшісі;

4. Абдрасилова Г. С., сәулет докторы, ХБК академиялық профессоры;

5. Козбагарова Н.Ж., сәулет докторы, ХБК академиялық профессоры;

6. Исходжанова Г. Р., сәулет кандидаты, ХБК академиялық профессоры.

Қазылар алқасының төрағасы: Татығұлов А. А.

7.Қорытынды шығару және қатысушыларды марапаттау

7.1 Олимпиада қорытындысының жариялануы-06.03.2021 ж.

7.2 Жеңімпаздарды марапаттау сағат 10: 00-де ҚазБСҚА Ғылыми Кеңесінің залында және @kazgasa_fa парақшасының Instagram тікелей эфирінде

7.3 Жеңімпаздар ҚазБСҚА-да (ХБК) оқудың **бірінші** оқу жылына арналған гранттармен және дипломдармен марапатталады:

- 1 орын-оқуға 100% жеңілдік;
- 2 орын-оқуға 50% жеңілдік;
- 3 орын - оқуға 25% жеңілдік.

7.4 қалған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

7.5 мектеп басшылары мен жоба жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

8. Байланыстар:

Олимпиаданы жүргізу үшін жауаптылар:

Глаудинова Мехрибану Бекримжановна, сәулет докторы, СФ деканы

Ахметова Асель Тологеновна, сәулет магистрі, СҚ және СС жөнінде декан орынбасары – (8 7272 20 80 74, ішкі 1050)

Карымсаков У.Т., т.ғ.к, СФ ассоц. проф. +7 747 375 0154 ukarymsakov@mail.ru

Огай О.П. сәулет маг.СФ проф. ассист. +7 707 471 0889 ogay_o@bk.ru

Кусаинов А.М., сәулет маг.СФ проф. ассист. +7 747 910 4070

Мурзабаева К.С., сәулет маг.СФ проф. ассист. +7 747 210 1790

ҚазБСҚА ресми сайты www.kazgasa.kz

Ресми Instagram беті: @kazgasa.kz, @kazgasa_fa

Алматы қ., Рысқұлбеков к-сі 28
Сәулет факультеті: 5 қабат, 541 кабинет (деканат)
Телефондар: +7 (727) 3551056, 8 800 0701056 (тегін)

СФ Деканы

Глаудинова М.Б.

ДД директорымен келісілген

Умирбаева А.Б.

СФ СҚ және СС жөніндегі орынбасары

Ахметова А.Т.
